

ӘОЖ:636,051:636,475

Б. Т. Тулебаев, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент,

К. К. Сакуова, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

GP 1050 ЖӘНЕ КАМБОРА 23 ГИБРИДТЕРІНІҢ АТАЛЫҚ ҚАБАНДАРЫНЫҢ КӨБЕЮ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Аннотация

Бұл мақалада Ақтөбе облысы Алға ауданындағы «Парижская Коммуна-XXI» Бестамақ мал шаруашылық кешенінің ландрас, дюрок және ірі ақ тұқымдарды будандастыру арқылы алынған GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандары мен мегежіндердің көбею қабілеттері келтірілген. Зерттеу нысаны ретінде GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының ұрығының сандық және сапалық көрсеткіштері (шәуеттің көлемі, шәуеттегі ұрықтың шоғырлануы және жалпы саны, ұрықтардың қозғалғыштығы), GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің ұрығымен мегежіндерді қолдан ұрықтандырудың нәтижелігі, GP 1050 және Камбора 23 гибридтері қабандарының ұрықтарымен ұрықтандырылған мегежіндердің УЗИ нәтижесінің көрсеткіштері келтірілген.

Түйін сөздер: гибрид, генотип, будан, будандастыру, шағылыстыру, кросс.

Жер бетіндегі адамзат баласының саны жыл санап арта түсуіне байланысты олардың азық-түлікке, соның ішінде ақуыз текті тағам өнімдеріне деген сұранысы арта түсуде. Сондықтан қазіргі уақыттағы әлемдік деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі – халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Сол секілді Қазақстан Республикасында нарықтық экономика қалыптасқан жағдайда еліміздің егемендігін қамтамасыз етудің басты мәселерінің бірі – жеткілікті азық-түлік қорын құру болып табылады. Осы аса маңызды бағытқа негізгі күш-жігерді шоғырландыру қазіргі кезеңнің бірінші дәрежелі міндеті болып табылады.

Б.Т. Тулебаевтың [1] айтуынша, тауарлы шаруашылықтарда шошқаның өнімділігінің генетикалық белгілері және өнім беру сапасының жоғары болуына, дені сау, конституциясы мықты, басқа жерге көшіруге бейімділігі жақсы болуына мән беріледі. Ғалымдардың зерттеулері негізінде түрлер арасындағы будандастыру арқылы алынған ұрпақтарда көп төлділік 12,3% - ға, төл ірілігі 7,8 – ға, торайлардың енесінен айыру сәтіндегі ұяшықтың салмағы 6,9 % - ға, тірі салмақтың орташа өсімі 15 % - ға, сонымен қатар азық мөлшері 10 % - ға және бордақылау күні 20 күнге дейін қысқартылып, өнімділік көбейген. Британдық ландрастың аталық ізі (L 02) мен ірі ақ шошқа тұқымының (L 03) аналық ізінің GP 1050 шошқасы 1962 жыл PIC компаниясының шығарылған гибриді болып табылады.

Бұл гибридтер 70 жылдары Еуропа арқылы АҚШ пен Канадаға сатылып, сол жерлерде өсіріле бастады. Сонымен қатар GP 1050 мегежін PIC компаниясының аналық іздерінің өнімділігін жоғарлатуда генетикалық материал ретінде қолданады. PIC компаниясының мәліметінше Камбора 23 гибриді GP – 1050 шошқасы мен ірі ақ тұқымды қабанның L 08 аталық ізімен шағылыстыру арқылы алынған.

А. Погодаевтың [2] баяндауынша, қазіргі уақытта елімізде ет өндірісін арттырудың маңызды тапсырмалардың бірі екені белгілі. Осы мәселені шешу үшін мал шаруашылығы тәжірибесінде көптеген мүмкіндіктер мен қажетті қорлардың бар екені рас. Бірақ та, индустриализацияның қазіргі жағдайында өндіріс интенсификациясы мен еңбек өнімділігін біршама арттырып, өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін тиісті мүмкіндік әлі де қолға алынбай келеді. Ол мүмкіндіктерге малдың физиологиялық қажеттілігіне сәйкесті бағып-күту жағдайларының жасалуы жатады. Өйткені өнеркәсіптік технология жағдайында малдың қозғалуына шектеу қойылып, сонымен қатар таза ауа жеткіліксіз, инсоляция мүлдем жоқ болады, ал бұлардың барлығы мал өнімділігінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

Шошқа етін өндірудің технологиялық тізбегіндегі маңызды, әрі қорытындылаушы кезең ол – шошқаларды бордақылау болып табылады. Бордақылау нәтижесіне азықтандыру мен қатар шошқаларды бағып-күту жағдайы да тең әсер ететіні А. Шевченконың [3] зерттеулерінде

өз дәлелін тапқан. Көптеген зерттеулер мәліметтерінде қазіргі күні шошқаларды бордақылау бір қорада 20-50 бастан топтап жүргізілетіндігі келтірілген. Ал, топтағы шошқа саны, олардың тірілей салмақтары бойынша бір-бірімен сәйкестігі, орналасу тығыздығы малдың азықтану, су ішу және тынығу мезгіліндегі олардың мінез-құлқына, ден саулығына, ең ақырында өнімділігіне елеулі түрде әсер ететіндігі рас. Осыған орай В. Погодаевтың [4] көзқарасы бойынша шошқалардың өнімділігін арттырып, қосымша салмақ өсіміне кететін азық шығынын азайту үшін жас қабандарды етке өсіргенде оларға кастрация жасамау керек. Себебі, Х.А. Амерханов, Г.Г. Самарский, А.Н. Мочаловскийдің [5] мәліметтері бойынша кастрация жасалған мал ағзасында тотығу процесі төмендеп, денелерін май басуға ыңғайлы болатындай өте сабырлы флегматикалық күйде болады екен. Ал бұл қолдан жасалатын ағза паталогиясы адамның қоректенуіне қажетті құнды заттар кешеніне толы маймен салыстырғанда бұлшық ет ұлпасының дамуына кері әсер ететін майдың жиналуына себеп болады және сондықтан Ресей мен көптеген шетелдерде көптеген шаруашылықтар бұқашықтар мен еркек тоқтыларды кестірмей өсіреді екен. Ал осы мәселені еркек шошқаларға қатысты алып қарасақ, кестірілмеген жас қабандардың ұшасында бұлшық ет ұлпасы көп те, ал майы аз болады, себебі кестірілген жас қабандармен салыстырғанда олар қосымша салмаққа аз азық шығындайды екен, бірақ кестірудің басты себебі өндіруші қабандарға тән еттегі жағымсыз иісті кетірудің жалғыз мақсаты оларға кастрация жасау екен.

Жас торайларды енелерімен бірге өсіру барысында бастапқы 1,5-2 апта бойы енелерінің сүті олар үшін жалғыз азық қоры болып табылады. Тіршілігінің алғашқы айларында қалыпты азықтандырылған торайдың тірілей салмағы 5-6 есеге артуы тиіс. Бірақ 10-15 күндік жастан кейін оларға енелерінің сүті аздық етіп, қосымша азық беріле бастау керек. Торайларды дұрыс өсіру үшін оларды енелерімен бірге кездің өзінде-ақ уақытылы азықтануға үйрету керек. Торайлардың қарны кішкентай болғандықтан, оларды аз-аздан, күніне 8-10 реттен кем емес азықтандырып отыру қажет [6].

Зерттеу материалдары және әдістемесі. Диссертациялық жұмыстың зерттеу бөліміне қажетті мәліметтер мен көрсеткіштер Ақтөбе облысы Алға ауданына қарасты «Бестамақ» елді мекенінде орналасқан «Парижская Коммуна – ХХІ» ЖШС - нің «Бестамақ мал шаруашылығы кешені» бойынша келтірілді.

Шаруашылықтың негізгі бағыты – етті бағыттағы GP 1050 және Камбора 23 гибридтерін өсіру.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында *зерттеу нысаны* ретінде «Парижская Коммуна - ХХІ» ЖШС-нің шошқа өсіру кешені алынса, *зерттеу зерзаты* ретінде L08; PIC 337 іздерінің қабандары, енесінен ажыратылған, жетілдіру, бордақылау топтарындағы шошқа торайлары пайдаланылды.

Тәжірибе жүргізу үшін «Парижская Коммуна – ХХІ» ЖШС-нің шошқа өсіру кешеніндегі аталық іздердің қабандарының өнімділік көрсеткіштері, түрлі жастық топтағы торайлардың өсіп даму көрсеткіштері, бағып күтілу, азықтандырылу және өсірілу технологиясы туралы мәліметтері пайдаланылды.

GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аталық қабандарының көбею қабілеттілігі.

Шошқа шаруашылығының рентабельділігі көп жағдайда жануарларды дұрыс ұйымдастырылған толық құнды азықтандыру дәрежесіне, ал ұдайы өндіріс цехының жұмысы қабандардың ден саулығымен тұқымдық сапасына тәуелді болады.

Осыған байланысты «Парижская коммуна– ХХІ» ЖШС–де өсірілетін шошқалардың өндірістік қасиеттерін зерттеу міндетке алынды.


Шошқалардың өндірістік көрсеткіштерін бағалау кезінде басты назар өндірістік қабанға аударылады, себебі өнімділікті жоғарылату бойынша селекциялық жетістіктер жоғары дәрежеде ұрпаққа солар арқылы беріледі.

Ұрпақ алуға қолданылатын қабандардың шәует өнімдерінің сапалық көрсеткіштері туралы мәлімет төмендегі кестеде келтірілді (шаруашылық мәліметтерінен алынды). Алдымен қабанның шәует алынып кейін оның сапасын, түсін, қоюлығын тексеріп монитор арқылы қозғалысын, концентрациясын тексеріп арнайы құрылғы арқылы қанша доза керек екенін есептеп дистилденген су араласытырып андрестар немесе втс қоспаларын қосып дозаны дайындаймыз. Дайын болған дозаны қаптамамен қаптап оның мөлшері 90 мл болуы керек.

Кейін дайын болған дозаның қозғалысын қайта тексеріп оны жылы арнайы температурада сақтаймыз. Бір дозаның көлемі 90 мл және әр дозада 3,5 млрд шәует болуы тиіс (1 кесте, 1 сурет).

1 кесте – Ұрпақ алуға қолданылатын қабандардың шәует өнімдерінің сапалық көрсеткіштері

№	Уақыты	Аталық қабан №	Эякулят көлемі, мл	Шоғырла нуы	Қозғалыс	концентрациясы, млрд/мл	Дозаның көлемі	Дозадағы ұрық саны	Алынған доза	Дис.су мөлшері	Доза саны
1.	27.06.16	345	133	80	тіке	1090	90	3.5	19	1549	33
2.	29.06.16	341	475	80	тіке	361	90	3.5	14	1091	39
3.	27.06.16	340	499	80	тіке	323	90	3.5	11	799	36
4.	01.07.16	336	375	80	тіке	293	90	3.5	16	1144	25
5.	02.07.16	342	345	80	тіке	342	90	3.5	15	1121	27
6.	27.06.16	482	426	80	тіке	278	90	3.5	20	1596	27
7.	28.06.16	565	316	80	тіке	375	90	3.5	17	1371	27
8.	28.06.16	363	230	80	тіке	566	90	3.5	23	1791	29
9.	29.06.16	567	318	80	тіке	502	90	3.5	16	1274	36
10	30.06.16	566	316	80	тіке	485	90	3.5	16	1274	35



1 сурет – Лабораторияда алынған шәуеттің қозғалысын микроскоп арқылы қарау уақыты

GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің аналық мегежіндерінің көбею қабілеттілігі.

Шошқа шаруашылығында асылтұқымдық-селекциялық жұмыс жүргізуде өзекті мәселенің бірі шошқалардың көбейгіштік қасиеті болып табылады. Шошқа шаруашылығында ең басты өнім төл алу болғандықтан, аналық шошқалардың көбею қабілетінің жоғары болуы маңызды. Табындағы әр 100 аналықтан 95 бас төлден кем алмау, сервис кезеңінің ұзақтығы 114-120 күннен аспау тиіс.

Зерттеуімізде әр аталық қабан мен аналық мегежіннің шағылысу уақыты, группасы, аталықтың жеке номері, аналықтың жеке номері, узи нәтижесі және болжамдалған төлдеу уақыты журналға тіркелінеді.. PIC 337 аталық және PIC 337 аналықты және L08 аталық және L08 аналықты шағылыстыру арқылы торай саны, салмағы және аналық мегежіннің төл көтеру мерзімін, төлдеу уақытын нақтылап алу және салыстыра зерттеу. Қолдан ұрықтандыру 28.06.2016-30.06.2016 уақыт аралығында жүргізілді. Әр аналықты күйттеуші аталық қабан арқылы күйге келген аналықты барлық көрсеткіштері арқылы таңдап алынып үш мәрте

ұрықтандырылды. 28 күннен кейін узи нәтижесі шығарылып аналық мегежіндер күту залына ауыстырылды. 82 күн күту залында арнайы нормамен азықтандырылып төлдеу уақытына дейін күтіп бағылады. Болжамдалған төлдеу уақыты 19.10-24.10.2016 ж кун аралығында аталған аналық мегежіндердің төлдегіштігі анықталады (2, 3 кесте, 2 сурет).

2 кесте – L08 аталық және L08 аналық гибридтерінің қолдан ұрықтандырылған нәтижесі көрсетілген

Күні	Группа	L08 аталық №	L08 аналық №	Узи нәтижесі	Болжамдалған төлдеу уақыты
27.06.16	15	345	91116	+	19.10.2016
27.06.16	15	345	2232	+	19.10.2016
27.06.16	15	340	99668	+	19.10.2016
27.06.16	16	340	00784	+	19.10.2016
29.06.16	16	341	2077	+	21.10.2016
29.06.16	16	341	91143	+	21.10.2016
01.07.16	16	336	2204	+	23.10.2016
01.07.16	16	336	2538	+	23.10.2016
02.07.16	16	342	2297	+	24.10.2016
02.07.16	16	342	95759	+	24.10.2016

3 кесте – PIC 337 аталық және PIC 337 аналық гибридтерінің қолдан ұрықтандырылған нәтижесі көрсетілген

Күні	Группа	PIC 337 аталық №	PIC 337 аналық №	Узи нәтижесі	Болжамдалған төлдеу уақыты
27.06.16	15	482	1687	+	19.10.2016
27.06.16	15	482	88982	+	19.10.2016
28.06.16	15	565	1894	+	20.10.2016
28.06.16	15	565	1693	+	20.10.2016
28.06.16	15	363	1080	+	20.10.2016
28.06.16	15	363	1706	+	20.10.2016
29.06.16	16	567	2149	+	21.10.2016
29.06.16	16	567	90081	+	21.10.2016
30.06.16	16	566	99685	+	22.10.2016
30.06.16	16	566	90309	+	22.10.2016



2 сурет – Буаздылықтың 22-ші күніндегі және 25-ші күніндегі УЗИ көрсеткіштері

Қорытынды:

1. GP 1050 және Камбора 23 гибридтерін аналық мегежіндерінің қолдан ұрықтандыруға таңдау кезінде барлық көрсеткіштері бойынша таңдалып ұрықтандырылды. Қолдан ұрықтандыру мерзімі 27.06.-02.07.2016 жыл аралығында жүргізілді.

3. GP 1050 және Камбора 23 гибридтерінің ұрықтандырылғын мегежіндерді 28-ші күні УЗИ аппараты арқылы тексеріп нәтижесі шығарылды зерттеуге алынған GP 1050-дің 10 аналығы және Камбора 23 гибридінiң 10 аналығы + деген нәтиже көрсетті.

4. GP 1050 және Камбора 23 гибридтері УЗИ нәтижесінен кейін күту залына көшіріліп азық нормасы өзгертілді. Болжамдалған төлдеу уақыты 19.10.16-24.10.16 ж.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Тулебаев Б.Т. Камбора 23 гибриді мегежіндердің қанының морфологиялық биохимиялық және генологиялық көрсеткіші / Б.Т. Тулебаев, Э.К. Шарипова, Б.Т. Тулебаев, Ф.Х. Нұржанова, М.Г. Какишев // Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Орал. – 2012. – 61 б.

2 Погодаев А. Технология производства свинины на свиноводческих фермах малой мощности / А. Погодаев // Ветеринария с.-х животных. – 2009. – №4. – С.66-68.

3 Шевченко А. Действие биологических стимуляторов на спермопродукцию и резистентность хряков / А. Шевченко // Свиноводство. – 2005. – С.3.

4 Погодаев В. Откормочная, мясная продуктивность и качество мяса свиной в зависимости от технологии откорма / В. Погодаев // Свиноводство. – 2009. – №2. – С.8-11.

5 Амерханов Х.А. Интенсификация производства мяса / Х.А. Амерханов, Г.Г. Самарский, А.И. Мочаловский. – Грозный : Чечено-ингушское книжное издательство. – 1987. – 48 с.

6 Гома Н.А. Эффективность стимуляции иммунитета у поросят-сосунов / Н.А.Гома, Б.К. Муравьев // Тез.докл. Всесоюзной науч.-техн. конф. «Профилактика и лечение болезней молодняка с.-х. животных». – М., 1991. – С.136-137.

РЕЗЮМЕ

В этой статье приведены материалы по оценке воспроизводительных качеств свиноматок и хряков гибридов Камбора 23 и GP 1050 ТОО «Парижская Коммуна XXI» Алгинского района Актюбинской области, которые были получены путем скрещивания породы дюрок, ландрас и крупной белой породы. Приведены воспроизводительные качества свиноматок и хряков гибридов Камбора 23 и GP 1050, качество семени и результаты осеменения УЗИ свиноматок гибридов Камбора 23 и GP 1050.

RESUME

This article provides materials on assessment of reproductive qualities of sows and boars hybrid Camboriu 23 and GP 1050 LP " Paris Commune XXI» Alga district , Aktobe region that have been received by skreshivaniya Duroc , Landrace and large white breed . The reproductive qualities of sows and boars hybrid Camboriu 23 and GP 1050 , assessing the quality of the seed and of artificial insemination of sows hybrids Camboriu 23 and GP 1050 and indicators of ultrasound results were studied in the article.